

Қатысушы немесе бейінге жатпайтын қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға өтініштерді қарау рәсімі

I. Өтініш беруші басқарушы компанияға мынадай құжаттар қоса берілген өтінішті ұсынады:

1. өтініш беруші сауалнамасы (БК нысаны);
2. заңды тұлғаның жарғысының көшірмесі;
3. заңды тұлғаның арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыруы туралы жоғарғы органының шешімінің көшірмесі;
4. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;
5. өтініш берушінің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
6. соңғы қаржы жылындағы қаржылық есептіліктің көшірмесі;
7. жобаның ТЭН (БК талабына сәйкес);
8. банктен ақша қаражатының қозғалысы туралы үзінді көшірме және кредиттік бюродан кредиттік есеп;
9. мемлекеттік кірістер органының берешектің бар/жоқтығы туралы анықтамасы;
10. жобаның кемінде 10% көлеміндегі қаржылық қамтамасыз етілуін растау:
 - ақшамен;
 - банктік кепілдікпен;
 - кепілгерлікпен;
 - мүлік кепілімен;
 - сақтандыру шартымен (2 жыл ішінде немесе жоба құны 15 млн. еселенген АЕК мөлшерінен асатын болса — 3 жыл ішінде);
11. аумақтың эскиздік жобасы (жоба құрылысқа байланысты болған жағдайда);
12. мемлекеттік кірістер органдарында салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркелмегені туралы анықтаманың көшірмесі (ҚР резиденті болмаған жағдайда).

II. Шетелдік заңды тұлғалар

Шетелдік заңды тұлғалар 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген заңдастырылған құжаттарды, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаның шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын заңдастырылған сауда тізілімінен үзінді көшірмені немесе өзге де заңдастырылған құжатты қазақ және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен ұсынады.

III. Құжаттарды қарау мерзімі

Құжаттардың толық топтамасы болған және БҚТ-ға сәйкес келген жағдайда, АЭА басқарушы компаниясы өтініш берілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа немесе бейінге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы шартқа қол қояды.

Шарт БК-ға тапсырылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде БК тіркеу туралы куәлік береді.

IV. АЭА қатысушысы мәртебесін алу

Тұлғаның АЭА қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлікті алғаннан кейін, АЭА қатысушысы АЭА аумағында басым қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен салықтық жеңілдіктер алуға құқылы.